

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитеті №2 мәжілісінің
Хаттамасынан көшірме

Түркістан қаласы

21.10.2021 ж.
Сағат: 16:30

Өткізілетін түрі: онлайн (ZOOM платформасы арқылы)

Регламент:

Негізгі мәселелер үшін – 10 минут

Әр түрлі мәселелер үшін – 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрағасы – Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері және ғылыми жоба жетекшілері.

Күн тәртібі:

1. «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы» Ережені бекіту (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
 2. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша (магистратура және докторантура) 2021–2022 оқу жылына қабылданған білімгерлердің ғылыми жетекшілері мен магистранттардың диссертация тақырыптарын Сенатқа бекітуге ұсыну (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
 3. «Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығын» ашу туралы (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
 4. Университет ғалымдары гранттық жобаларының аралық және қорытынды есептерін бекіту (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
 5. Әр түрлі мәселелер:
 - 5.1. Университет ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған Этикалық комиссия құрамын жаңарту мәселесі.
 - 5.2. Факультеттерден алдағы жылдары туындайтын қажеттіліктерге орай Түркияның ЖОО-нда білім алуға жіберілетін білімгерлер контингентіне байланысты ұсыныстар.
 - 5.3. Монографияларды Сенатқа ұсыну:
 - 5.3.1. Аймбетова И.О. «Промышленные отходы химико-металлургических производств, содержащие редкие и редкоземельные металлы: способы получения первичных концентратов» (Industrial waste of chemical-metallurgical industries containing rare and rare earth metals: methods for obtaining primary concentrates) / ағылшын тілінде. (74,44% түпнұсқалық)
- Рецензенттері: Мамырбекова А.К., х.ғ.к., доцент, Ахмет Ясауи университеті; Байгенженов О.С., PhD, қауымдастырылған профессор, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ; Надиров К.С., х.ғ.д., профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік-Қазақстан университеті.

ШЕШІМДЕРІ:

1. «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы» Ереже бекіту үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

2. Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша (магистратура және докторантура) 2021–2022 оқу жылына қабылданған білімгерлердің ғылыми жетекшілері мен магистранттардың диссертация тақырыптарын кезекті Сенат мәжілісінде бекіту үшін факультет декандары қажетті мәліметтердің 25.10.2021 ж. сағат 10:00 дейін берілуін қамтамасыз етсін. Диссертация тақырыптарының 4 тілдегі нұсқасына аудармашылар қолы қойылсын.

3. «Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығын» ашу бойынша Сенат мәжілісіне ұсыныс берілсін.

4. Күнтізбелік жоспары орындалып, дәлелдеуші құжаттарын толығымен ұсынған 7 жоба жетекшісінің гранттық жобаларының аралық және қорытынды есептері бекітілсін:

1) ф.-м.ғ.к., доцент К.Назарова «Локалды емес интегралдық-дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептерді шешудің әдістерін жасау»;

2) х.ғ.к., доцент А.Мамырбекова «Мыс және мырыш оксидтері негізінде нано-және микроөлшемді дисперсті материалдарды стационарлық емес жағдайларда электролизбен алу әдісін әзірлеу»;

3) ф.-м.ғ.д., профессор Б.Турметов «Бейлокал дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік және бастапқы-шеттік есептердің шешілу мәселелері»;

4) ф.-м.ғ.д., профессор Б.Турметов «Бөлшек ретті дифференциалдық теңдеулердің шешімдерін құру әдістері және шеттік және бастапқы шеттік есептердің шешімділік мәселелері»;

5) ф.ғ.к., доцент Г.Жылқыбай «XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясы: қыпшақтық фактордың лингвистикалық аспектілері»;

6) ф.-м.ғ.к., доцент К.Усманов «Инволютивті түрлендірулері бар интегралдық-дифференциалдық теңдеулер үшін көп нүктелі шеттік есептерді шешу әдістерін құру»;

7) п.ғ.к., доцент Г.Ниязова «Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру адами капиталды дамыту кілті».

Басқа жоба жетекшілерінің есептері жарияланымдары бойынша анықтамаларын алған соң, осы күнгі Ғылым комитеті шешімімен бекітілсін.

5. Әр түрлі мәселелер

5.1. Университет ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған Этикалық комиссия құрамын жаңарту мәселесі бойынша 25.10.2021 ж. сағат 10:00-ге дейін факультеттерден Ғылыми зерттеулер бөліміне ұсыныстар берілсін.

5.2. Факультеттерден алдағы жылдары туындайтын қажеттіліктерге орай Түркияның ЖОО-нда білім алуға жіберілетін білімгерлер контингентіне байланысты ұсыныстар 25.10.2021 ж. сағат 10:00-ге дейін берілсін.

5.3. Төмендегі монография Сенат мәжілісіне ұсынылсын: Аймбетова И.О. Industrial waste of chemical-metallurgical industries containing rare and rare earth metals: methods for obtaining primary concentrates («Промышленные отходы химико-металлургических производств, содержащие редкие и редкоземельные металлы: способы получения первичных концентратов»).

Ғылым комитетінің төрайымы

А.Ошибаева

Мәжіліс хатшысы

Ж.Ахметова